«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ПЕРСОНАЛЫН БАСҚАРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

АО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ»

Z01C9K7(010000), Нұр-Сұлтан қ., Қ. Аманжолов көшесі, 26
тел.: 8 (7172) 75 69 91,
e-mail: hrm@hrm-gov.kz

Z01C9K7(010000), г. Нур-Султан, ул. К. Аманжолова, 26
тел.: 8 (7172) 75 69 91,
e-mail: hrm@hrm-gov.kz

10.08.2022 № 04-55/03/204

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттеріне
(тізім бойынша)

«Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы» АҚ (*бұдан әрі - Қоғам*) 2022 жылғы 25 мамырдан бастап мемлекеттік органдардың персоналын басқару қызметтерінің *(бұдан әрі - ПБҚ)* жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің (*бұдан әрі - «Е-қызмет» ЫАЖ, Жүйе*) кіші жүйелері функционалының өзгеруіне байланысты, Жүйе бойынша практикалық офлайн оқыту курсын өткізуде.

Оқыту алдын ала бекітілген кестеге сәйкес аптасына ұзақтығы үш күн жүргізілуде. Бүгінгі күні оқыту курсынан өткен мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны 219-ды құрайды. Барлық аумақтың (*14 облыс, 3 республикалық маңызы бар қала*) мемлекеттік қызметкерлерін оқытуды қыркүйек айының 23-іне дейін өткізуді аяқтау жоспарланып отыр.

Оқыту курсын өткізу барысында «Е-қызмет» жүйесін пайдаланушылардың, ПБҚ қызметкерлерінің оқытуға деген қызығушылығы жоғары екендігі байқалады. Осыған орай, сондай-ақ ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес **жаңа облыстар мен мемлекеттік органдардың құрылуына, кадрлық өзгерістердің көбеюіне** байланысты Қоғам аталған оқыту курсының 2-легін өткізуге дайын екендігін назарларыңыға жеткізеді.

Бұл ретте аталған іс-шараны ұйымдасқан түрде өткізу үшін практикалық оқытуға ниет білдірушілердің саны бойынша ақпарат беру қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты, «Е-қызмет» жүйесіне жауапты Агенттіктің аумақтық департамент қызметшілерін оқытуға, ақпаратты ұйымдастыруға және жинауға жәрдемдесуді, сондай-ақ оқытудан өтетін мемлекеттік қызметшілердің тізімдерін **а.ж. 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде** *ekyzmet@hrm-gov.kz* электрондық мекен-жайына жолдауларыңызды сұраймыз.

000424

Қосымша ақпаратты «Е-қызмет» жүйесінің бас бетінде көрсетілген телефон нөмірі арқылы біле аласыздар.

Қосымша ___ п.

Бас директор **Ұ. Бекіш**

орын: Ордабаев Д.
тел.: 96 77 77

Қосымша

1	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті
2	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаменті
3	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақмола облысы бойынша департаменті
4	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаменті
5	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысы бойынша департаменті
6	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Павлодар облысы бойынша департаменті
7	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақтөбе облысы бойынша департаменті
8	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Атырау облысы бойынша департаменті
9	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті
10	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жамбыл облысы бойынша департаменті
11	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті
12	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаменті
13	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаменті
14	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қостанай облысы бойынша департаменті
15	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті
16	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Түркістан облысы бойынша департаменті
17	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Шымкент қаласы бойынша департаменті
18	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті
19	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті
20	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті